

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№17 (086) ЖҰМА

17 мамыр 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• ТАҒЗЫМ

АҚСЕЛЕУ АСҚАРЫ



Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының орталығында жазушы, этнограф Ақселеу Сейдімбектің ескерткіші орнатылды. Тұлғаны тұғырына қондыру жобасы халықтың ниетімен және мүдделі азаматтардың қолдауымен жүзеге асты. Іс-шараның ашылу салтанатына елімізге белгілі зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен ақын-жазушылар қатысты.

Ескерткіш қоладан құйылған. Биіктігі – 3.9 метр. Туындының авторы – елімізге белгілі мүсінші Талапхан Азамат. Алаштың абыз ақсақалының айбыны асқақтап тұрған сом тұлғасы көрген халықтың көңілін толтырды.

Ақселеу Сланұлы – саналы ғұмырын ұлт мұрасын түгендеуге жұмсаған елінің адал перзенті. Ғибратты ғалым, саңлақ санаткер, қабырғалы қаламгер, өнегелі өнертанушы азамат. Оның «Күңгір-күңгір күмбездер», «Ойтолғақ», «Күй шежіре», «Мың бір маржан», «Қазақтың ауызша тарихы» сияқты іргелі еңбектері – ұлттың рухани қазынасын орасан байытқан құнды жәдігерлер.

Ескерткіштің ашылу салтанатында сөз сөйлеген жазушы Бексұлтан Нұржекеев Ақселеу тұлғасының бейнеленуі – бүгінгі күнге емес, болашаққа жасалған рухани бағдар екенін атап өтті. «Әкеміздің артында қалған мол мұраны насихаттау шаралары туған жерінде үнемі жалғасып келеді. Бүгінде Жаңаарқа кентіндегі орталық көшенің бірі оның есімімен аталады. Еңселі ескерткіштің орнауы да оның өнегелі өмірін алқалаған жұртшылықтың тілегі болатын», деді Ернар Сейдімбек.

Іс-шараның соңында Ақселеу биігінде марқұмның рухына құран бағышталып, жиналған жұртшылыққа құдайы ас берілді.

Абзал МАҚАШ,
«Egemen Qazaqstan» газеті,
13 мамыр, 2024 жыл

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі **3-45-23** сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін. Email: Satp_maslihat@krg.gov.kz

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия **3-45-23** с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией. Email: Satp_maslihat@krg.gov.kz

ТАҒЫМ

ҚАЛАМГЕРГЕ АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ

Жаңаарқадағы С.Сейфуллин атындағы кітапханада Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы, журналист Бұқпа Әшімовтің туғанына 100 жыл толуына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Конференция модераторы техника ғылымдарының докторы, профессор Тыныс Сүлейменов осы мазмұнды шараны ұйымдастыруға тікелей ұйтқы болды.

Конференцияда Жаңаарқа ауданының әкімі Қанат Қожықиев, Парламент Мәжілісінің депутаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Әлтай, ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбай құттықтау сөз сөйледі. Бұдан әрі баяндама жасаған ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Ханкелді Әбжанов, ҚР Ақпарат саласының үздігі Амандық Рахұлы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Ғазиз Ештанаев, «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабеков қаламгердің көркем шығармаларының сипатына, сондай-ақ журналистік жолдағы еңбектеріне жан-жақты тоқталды.

Шығармашылық қабілетімен жастай танылған Бұқпа Әшімов өткен ғасырдың қыркыншы жылдарында Қарағанды шахталарының көп тиражды басылымы «Шахтер» газетінде редактор, «Советтік Қарағанды» газетінде әдеби қызметкер болып журналистік жолын бастайды. Біраз жыл партия қызметінде болады. Одан кей-



інгі қызмет жолдары бірыңғай баспасөз саласымен байланысты болып, «Лениндік жол» (қазіргі «Жаңаарқа») газетінде жауапты хатшы, Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде редактор, Жаңаарқа аудандық «Жаңаарқа» - «Новая степь» газеттерінің редакторы, облыстық «Жезқазған туы» газетінің меншікті тілшісі қызметтерін атқара жүріп, шығармашылықпен де шынайы айналыса білді. «Қаражал»,

«Тауда туған ән», «Барлаушы хикаясы» повестерінің және «Жәйрем» романының авторы.

Іс-шара барысында Б.Әшімов атындағы сыйлықтарды тапсыру және туғанына 100 жыл толуына орай арнайы жасалған медальмен марапаттау рәсімі болды. Жастар қаламгердің «Тауда туған ән» кітабынан үзінді монолог оқып, әуезді әнге де кезек берілді.

Нығман РАХЫМ

График полива приусадебных участков и зеленых насаждений по г. Сатпаев на 2024 г. Четверг-профилактика

№ п/п	Район	Понед.	Вторник	Среда	Пятница	Суббота	Воскр.
1	г. Сатпаев кв. № 19,20,55,60 ул. Наурыз, пр. Сатпаева		с 15.00 до 23.00		с 15.00 до 23.00		с 15.00 до 23.00
2	г. Сатпаев кв. №66,65,67	с 15.00 до 23.00		с 15.00 до 23.00		с 15.00 до 23.00	
3	Пр. Сатпаева, ул. Кусаинова, пр. Независимости, ул. Ердена, площадь «Шахтерской Славы»		с 8.00 до 14.00		с 8.00 до 14.00		
4	Ул. Улытауская, Городская больница, МСЧ, пр. Независимости, Мәңгілік Ел ул. Абая до площади(зеленые насаждения), ул. Бабыр-би	с 8.00 до 14.00		с 8.00 до 14.00			
5	Территория Мечети и Храма, СОК (зеленые насаждения)	с 8.00 до 15.00		с 8.00 до 15.00			
6	Западная застройка г. Сатпаев		8-10 20-23			8-10 20-23	
7	Микрорайон №8	с 15.00 до 23.00		с 15.00 до 23.00			
8	Парк «Победы»	с 8.00 до 15.00		с 8.00 до 15.00		с 8.00 до 15.00	

18 МАМАҒЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІ

«ТАРИХТА ӨЗ АТЫҢДЫ ҚАЛДЫР»

Ұлытау облысының тарихи-археологиялық музейінде музей қорын құнды әрі сирек кездесетін экспонаттармен толықтыру мақсатында қаңтар айынан бастап ұйымдастырылған «Тарихта өз атыңды қалдыр» атты акциясының қорытынды іс-шарасы өтті. Іс-шараға акцияға қатысып экспонат өткізушілер мен музей қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шара мәдениет жанашыры ретінде акцияға демеушілік көрсетіп келе жатқан «Қазақстан Халық Банкі» Акционерлік қоғамы «Ұлытау» облыстық филиалы бастығының орынбасары Р.Е.Нұрахметов пен Бөлшек бизнес орталығының басшысы Жанна Серғазықызының ізгі-тілектерімен басталды. Сондай-ақ, жарты ғасырға жуық тарихы бар музейдің тыныс тіршілігін баяндайтын бейнесюжет көрсетілді.

Бірнеше айға созылған акция кезінде:

- «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің, «Ең үздік суретші», «Алтын қобыз», «Ең үздік музей қызметкері» номинацияларының иегері, музейдің суретші-қайта қалпына келтірушісі Ерғазы Кеңесұлы «Жошы Ұлысының 800 жылдығына» орай Болған ана кесенесінен табылған шашқыстырғыш, алтын тостаған, алтын сырға, Алтын Орда монеталарының көшірмесін жасап өткізді;

- «Мәдениет саласының үздігі», «Еңбек даңқы» төсбелгілерінің, «Алтын қол шебері», «Үздік музей қызметкері» номинацияларының иегері, музейдің экспозиция бөлімінің басшысы Ахмет Өтеген қазіргі таңда Томскі институтының музейінде сақталып тұрған Қаныш Сәтбаевтың домбырасының көшірмесін өткізді;

- Ұлытау облысы Полиция департаментінің жедел криминалистикалық басқармасының ұжымы 1925 жылы Жапонияда Кидзиро Намбу жасап шығарған 14 типті «НАМБУ» моделді тапаншаны музей қорына өткізді;

- Қаламыздың тұрғыны, суретші, қолөнер шебері, ағаш оюшы, Александр Кузнецовтың қызы Ирина Александровна әкесінің ағаштан ойып жасаған туындыларын өткізді;

- Сәрия Ыбырайқызының ұстаған жіп иіретін ұршығын қызы Гүлжанат Амангелдіқызы өткізді.

- Еңбек ардагері Жұмабеков Ыбырай мен Жұ-

мабекова Мафрузаның комплексін Шеңбер ауылының тұрғыны, ұлы Болат Ыбырайұлы өткізді;

- Сәтбаев қаласының тұрғыны Райхан Сапарова өзінің ертеден сақталған тігін іс машинасын өткізді;

- Ұлытау ауданынан бірінші әйел-механизатор Гүлбану Сүлейменова өзінің жеке құжаттарын музей қорына өткізді;

- Еңбек ардагері, 1975-1977 жылдары мыс қорыту зауытының, комсомол ұйымының секретарі болған, Ұлы Отан соғысының 30 жылдық мерейтойына арнайы шақыртумен Мәскеудегі Рейхстаққа тігілген тудың жанына суретке түсу мәртебесіне ие болған Төлеубай Рысбайұлы өзінің құжаттарын өткізді;

- Жезқазған қаласының тұрғыны Анар Хамитқызы өзінің көне тігін іс машинасын өткізді;

- Ұлытау облысы қоғамдық даму басқармасы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының міндетін атқарушы Алтынай Өмірбекқызы балалар аккордеонын өткізді;

- Раиса Михайловна АҚШ-та жасалынған, II дүниежүзілік соғыс кезінде пайдаланылған бұқтырма қалбырын өткізді;

Міне осылайша іс-шара жүргізушісі ұйымдастырылған акцияның барысында музей қорына 150-ге тарта экспонаттар өткізілгенін сөзге тиек етіп, бүгінгі таңдағы музей қорындағы 53684 мыңнан астам экспонат барын мақтаншыпен жариялап, қонақтардың көңілін бір марқайтып тастады.

Музейге өткізілген экспонаттардың иелерін таныстыру және марапаттау үшін ортаға Ұлытау облысының тарихи-археологиялық музейінің басшысы Зағира Шорақызы шақырылып, экспонат өткізушілер Алғыс хаттармен, кәдесыйлармен марапатталды.

Ізмәлеу ТҮСІП

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ОРНАТУ ЖОЛЫНДА

«СОТ АКТІЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ»

Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Атқарушылық іс жүргізу – сот орындаушысы атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды қабылдау бойынша өздеріне заңмен жүктелген функцияларды орындайтын және осы Заңда көзделген тең құқықтары мен міндеттері бар мемлекеттік сот орындаушысы және жеке сот орындаушысы болады.

Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің, ұйғарымдардың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша нұсқамалар мен қаулылардың, мүлкікті өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылардың, сондай-ақ өзге де органдар қаулыларының негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды міндетті және уақтылы қолдану атқарушылық іс жүргізудің міндеттеріне кіреді. Өндіріп алушы мен борышкер атқарушылық іс жүргізу тараптары, өз пайдасына немесе мүдделеріне атқарушылық құжат берілген жеке немесе заңды тұлға өндіріп алушы болып табылады. Атқарушылық құжатта көзделген талаптарды орындауға міндетті жеке немесе заңды тұлға борышкер болып табылады.

Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар атқарушылық әрекеттер және мәжбүрлеп орындату шаралары туралы хабархатпен хабарландырылады.

Сот орындаушысы өзінің іс жүргізуіне қабылдаған атқарушылық құжат мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану үшін негіз болып табылады. Сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Заңы күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық

құжатты орындамау, сол сияқты олардың орындалуына кедергі жасау заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Борышкер сот актісінің уақытында орындалуына кедергі келтіретін әрекеттер (сот орындаушысына келуден жалтару, жұмыс орны мен тұратын жерінің өзгергендігі туралы хабарламау, сот орындаушысының талаптарын орындамау, сот орындаушысының қызметіне кедергі келтіру және т.б.)

ӘҚБТК-нің 669 бабы бойынша әкімшілік жауаптылық сот актілерін, атқарушылық құжатты орындамаған кезде туындайды. Сот орындаушысының қаулыларын және өзге де заңды талаптарын орындамау ӘҚБТК-нің 670 бабы бойынша жауаптылыққа әкеп соғады.

Қылмыстық кодекстің 430 бабына сәйкес, жауаптылық заңды күшіне енген сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты алты айдан астам орындамауы, сол сияқты оларды орындауға кедергі жасауды анықтаған кезде ғана туындайды.

Сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау деп борышкердің сот актісін орындауға шаралар қабылданбауы, өндіріп алу жүргізілуі мүмкін жалақыны және басқа да мүлкікті жасырып қалуы, жұмыс орны туралы, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түсетін кірістер туралы ақпарат бермеуді, міндеттемелерді орындаудан жалтару мақсатында мүлкікті иеліктен шығару жөнінде мәмілелер жасауды, сондай-ақ ақшалай қаражат пен мүлкікті басқа да мақсаттарға пайдалануға байланысты өзге де іс-қимылдарды санауға болады.

**С.М.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық сот
әкімшісінің басшысы**

ЖЕКЕ ҚАУЛЫ ШЫҒАРУ – ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕШЛІ

Сот – әділдікті жүзеге асыратын орган. Ел Президенті әділ сот аясында заң үстемдігін қамтамасыз ету бойынша нақты қадамдарды атап көрсетті. Осы тұрғыда Соттың жекеше қаулылар шығару практикасы сот төрелігі органы қызметінің маңызды бөлігінің бірі болып табылады. Өйткені бұл заңдылықты сақтаудың, бұзушылықтардың алдын алудың, мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың қызметіндегі кемшіліктерді ашудың және жоюдың тиімді құралы болып табылады.

Жекеше қаулылар шығару тек профилактикалық бағытта ғана емес, теріс құқықтық баға алған іс әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасаудан тартынуға итермелейтін тәрбиелік сипатта болады. Нақтырақ айтсақ, АПК-нің 270-бабы бойынша заңдылық бұзылған жағдай анықталған кезде сот жеке ұйғарым шығаруға және оны жіберуге құқылы. Сонымен қатар, оған мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілер тарапынан жол берілсе, сот жеке ұйғарым басқару функцияларын атқаратын тиісті ұйымдарға, лауазымды немесе өзге де тұлғаларға жеке ұйғарым жібереді. Ал олар өз кезегінде қолданған шаралар туралы бір ай мерзім ішінде хабарлауға міндетті. Қолданған шаралар туралы хабарламау өздеріне жеке ұйғарым жіберілген тұлғалардың сотты құрметтемегені үшін әкімшілік жауаптылығына әкеп соғады.

Әкімшілік жаза қолдану тиісті тұлғаларды соттың жеке ұйғарымы бойынша қолданған шаралар туралы хабарлау міндетінен босатпайды. Аталған мән-жайлар әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша да қолданылады. Бұл жағдайда соттар ӘҚБТК-ндегі 829-19-бапты басшылыққа алады. Егер сот жекеше қаулы шығару үшін негіздердің

болғанына және жеткіліктілігіне қарамастан жекеше қаулы шығармаса, онда жоғары тұрған сот сол сот актісінің заңдылығын тексеріп отырып, өзі жекеше қаулы шығаруға құқығы бар.

Жекеше қаулыларды шығарудың тағы бір себебі істі сотқа қарау үшін беру мерзімдерін бұзу және соның салдарынан әкімшілік жауапкершілікке тартудың ескеру мерзімінің өтуіне байланысты іс жүргізудің тоқтату туралы шешім қабылдауға әкеледі.

Көбінесе іс материалдарында істі осы үшін көзделген мерзімде сотқа қарау үшін жіберудің мүмкін еместігін куәландыратын нақты деректер болмаған, соның нәтижесінде адамды әкімшілік жауаптылыққа тарту мерзімі өтіп кеткен, бұл осы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға және соның салдарынан құқық бұзушылық жасаған адамдардың жауаптылықтан кетуіне негіз болған, сондай-ақ үкілетті органның атына жекеше қаулы шығару үшін негіз болған.

Бұл дегеніміз әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа қарау кезінде анықталған, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жол берілген құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін мән-жайлар жекеше қаулыларды шығаруға негіз болады. Сонымен қатар, егер сот оны қажет деп тапса, басқа жағдайларда да жекеше қаулы шығаруға құқылы. Сот жекеше қаулы шығаруға тиісті құқық бұзушылықтарды қабылдау үшін қажетті өкілеттіктер берілген кез келген органның, ұйымның, лауазымды адамның атына, сондай-ақ заң бұзушылықтарды жою жөнінде және олардың қайталануына жол бермеуге бағытталған қаулы шығара алады.

**С.Т.ИСАБАЕВ,
Сәтбаев қалалық сотының судьясы**

ОБ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА НЕУВАЖЕНИЕ К СУДУ

Судебная власть в Республике Казахстан осуществляется судами в лице постоянных судей и от имени Республики Казахстан посредством гражданского, уголовного и иных, установленных законом форм судопроизводства и имеет своим назначением: защиту прав, свобод и законных интересов граждан и организаций, обеспечение исполнения Конституции, законов, иных нормативных правовых актов, международных договоров.

Судьи при рассмотрении дела независимы, подотчетны только Конституции и закону. Ущемление статуса и независимости судей не допускается, также не допускается вмешательство в деятельность суда по рассмотрению дел, что влечет ответственность.

Объектом состава неуважения к суду являются интересы правосудия, а также честь и достоинство лиц, участвующих в судебном разбирательстве.

Неуважение к суду - это действия, которые препятствуют совершению правосудия или конституируют неуважение к законным полномочиям суда. Неуважение к суду может быть подразделено на действия, совершенные в суде (например, непристойное поведение или отказ давать свидетельские показания), и действия, совершенные вне суда (например, отказ подчиниться распоряжению суда).

К преступному неуважению относится также поведение, создающее предвзятое мнение, оскорбляющее или препятствующее отправлению правосудия как в отдельном случае, так и в целом. Наказанием за неуважение к суду может быть штраф или заключение под стражу.

Неуважение к суду, выразившееся в оскорблении судьи и (или) присяжного заседателя в связи с его служебной деятельностью, влечет уголовную ответственность по ч. 2 ст. 410 Уголовного кодекса РК и наказуется штрафом в размере до 500 МРП либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до 300 часов, либо арестом на срок до 90 суток.

В соответствии с п. 10 указанного нормативного постановления Верховного Суда РК в соответствии с действующим законодательством суд при рассмотрении дела в суде в случае нарушения общественного порядка в зале заседания суда или проявления неуважения к суду вправе непосредственно в зале судебного заседания своим постановлением подвергнуть виновное лицо мерам наказания, предусмотренным административным законодательством.

Административные взыскания за неуважение к суду и другие правонарушения, которые совершены вне судебного заседания, налага-

ются судом в общем порядке в соответствии с нормами Кодекса об административных правонарушениях. Наложение административного взыскания за неуважение к суду возможно в двух случаях: во время судебного заседания и вне судебного заседания. Так, административная ответственность за проявление неуважения к суду предусмотрена ст. 653 КоАП. В диспозиции ч. 1 указанной статьи законодатель определил, что под неуважением к суду следует понимать уклонение без уважительных причин участников процесса и иных лиц по повестке, извещению, уведомлению или вызову в случаях, когда дальнейшее рассмотрение дела в их отсутствие представляется суду невозможным, неподчинении распоряжениям председательствующего в судебном заседании, нарушении установленных в суде правил, а также иные действия (бездействие), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье.

Кроме того, вступившие в законную силу приговор, решение или постановление суда обязательны для всех как в отношении указанных в них предписаний, так и установленных судом обстоятельств и их правовой оценки.

Никто не вправе произвольно исказить решение суда, порочить его и препятствовать к исполнению. Выражение несогласия с судебным решением и его обжалование (опротестование) в вышестоящий суд должны производиться в установленном законом порядке.

В случаях уклонения граждан, должностных лиц государственных органов и организаций от добровольного исполнения вступившего в законную силу судебного акта, эти лица несут административную ответственность. А в случае неисполнения вступившего в законную силу судебного акта, а равно воспрепятствования его исполнению граждане, представители власти и служащие подлежат привлечению к уголовной ответственности по ст. 430 Уголовного кодекса РК, которая предусматривает наказание в виде ограничения либо лишения свободы.

**БУХАРОВА С.М.,
Руководитель администратора
Сатпаевского городского суда**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі жолдауында «Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек». Мемлекеттік қызмет дегеніміз - жеке бастың бақ дәулетін арттыратын жер емес. Бұл туған халқының алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз» деп ерекше айтқан болатын. Соған орай, бүгінгі күні «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қалыптастыру ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бұл ретте мемлекеттің айнасы саналатын мемлекеттік қызметшілерге үлкен жауапкершілік жүктелері сөзсіз.

Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші қызметте немесе қызметтен тыс кезде өзінің іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына айрықша мән беріп, халықтың мемлекетке деген сенімі өздеріне қарап қалыптасатынын үнемі есте ұстаулары керек.

Мемлекеттік қызметші этикасының маңыздылығын Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексінен көруге болады. Онда мемлекеттік қызметтің қоғамдағы рөлі мен қызметкерлердің ұстанымдары, сыбайлас жемқорлықты болдырмау шаралары, жүріс-тұрыс ережелері, қызметтік әдеп стандарттары айқындалған. Әрбір мемлекеттік қызметші қоғам игілігіне адал қызмет етіп, әдеп қағидаттарын мүлтіксіз сақтауға міндетті. Сондай-ақ, мемлекеттің мүддесі мен азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін кез келген әрекетке қарсы тұрулары керек.

Мемлекеттік қызметшінің білім-білігі маңызды рөл атқарады. Өз жұмысын жетік меңгерген кәсіби қызметкер барлық уақытта жұртшылық тарапынан болған сыни көзқарастарға, ұсыныс талаптарға сауатты әрі нақты жауап беретіні күмәнсіз. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметтің беделін арттырады.

Егемендік алғалы мемлекеттік қызмет жүйесі дамудың бірнеше кезеңінен өтті. ҚР-ның мемлекеттік қызмет туралы заңы мемлекеттік органдар қызметіндегі тиімділік, нәтижелілік, ашықтық, азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығы, мемлекеттік қызметке кірудің еріктілігі сияқты қағидаттарды қамтитын құқықтық қатынастарды реттейтінін айта кеткен жөн.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттің басты тірегі болғандықтан, еліміздің қоғамдық-саяси тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда үлесі басым.

Халқымызда «Сыпайылық-сыйынды арттырады, кендік құрмет туғызады, шыншылдық – сенімге жеткізеді» деген тамаша тәмсіл бар. Осы қасиеттерге ие мемлекеттік қызметшілер ел құрметіне бөленіп қана қоймайды, сол арқылы мемлекеттің де абыройын асқақтатады. Басты орынға халық мүддесін қоя білген қызметкер елдің болашағын жарқын етері хақ.

**С.М.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық соты
әкімшісінің басшысы**

► АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ТУҒАНЫНА - 120 ЖЫЛ

Академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан Ұлытау өңірін 30-ға жуық жыл зерттеді. Арқаның кең даласының жыра – жыраларында, өзендердің сай – саласында жасырылған көне тұрақтардан қабырғалары алпайытты болып жер бетінен ерекшеленіп, археологтың назарын тартып тұрған ескерткіштер тізімге еңгізіліп, Әлкей басқарған экспедицияның еңбегінің нәтижесінде ғылым ортасына жеткізілді.

Әлкей Марғұлан әр нысанның шығу тарихына түсіндіргенде міндетті түрде қазақ фольклорына жүгінеді. Мысалы, оғыз заманына жататын дың, дыңгек, ұйтас, қос-ұйтас типті архитектуралық тарихи ескерткіштерінің арасында ең маңыздысы деп Домбауылды атап, ғимараттың сипатын келтіре отырып, Домбауылға қатысты төмендегі аңызды сөз қылады. Академик «Домбауылды атақты мерген, ақын және музыкант — күй шығарушы» деп бейнелейді. (Шығармалар. IX том, 295-бет. 2011 ж.)

Марғұлан келтірген аңыз бойынша «Домбауыл қанның қызына ғашық болып қалады. Қан қызын шет көзден сақтаймын деп, «түн теңізінің» ортасына үй салады. Қыздың қарауына қырық қыз беріп, ешкімге қызбен жүздесуге рұқсат бермей, қызды қараңғы мұнараның ішіне отырғызып қояды. Бір күні қыз шыдамы таусылып, «сыртта не болып жатыр?» деп қасындағы қыздарға терезені аштыртады. Сол сәтте қанның қызы түскен күн сәулесінен жүкті болып қалады. Бұл хабар қанға жетіп, ол қақпағы бар алтын қайыққа қызды отырғызып, өзен ағысымен жіберуге бұйрық береді. Сол өзеннің жағасында аты елге белгілі Домбауыл өмір сүрген. Ол да өз қандығынан қуылған еді. Оның қасында болған Шаба-Соқыр досы алыстан алтын қайықты көріп қалып, Домбауылға шарт қояды: қайықтың ішіндегі сенікі, қайықтың өзі менікі болсын – деп. «Қайық жақындағанда Домбауыл: «Қия атайын ба? Кесе атайын ба?» – деп сұрайды. Шаба-Соқыр: Қия ат – дейді. Домбауыл мерген, атып жібергенде қайықтың қақпағы бірден түсіп қалады. Сондықтан Домбауыл мен Шаба-Соқырды қияттар деп атаған. Қайық жағаға тірелгенде, олар ішіндегі қаншайымды көреді. Домбауыл оған үйленеді, одан ұл туып есімін Тәңір деп қояды.»

Әлкей Марғұланның Рубрукке сүйеніп келтірген бұл аңызда Қият руының пайда болған сәті баяндалады. Әрине, қияттардың этногенезіне тиісті Рашид ад-Дин де, Әбілғазы да, Қадырғали Жалайыр да өз пікірлерін жазады және де олардың пікірлері аңыздарға қарағанда ғылыми түсініктемеге жақынырақ болып келеді.

Енді осы қазақ аңыздына ұқсас моңғолдың аңызына көз жүгіртейік. «Моңғолдың құпия шежіресінде» Темүжіннің тегін тарқатқан бірінші бөлімде Добын мерген мен Дуба соқыр туралы жазылады. Моңғолдардың пайымдауынша екі кейіпкер дос емес, ағайынды, Торғылжын байдың балалары болып келеді. Оқимыз: «4. Дуба соқырдың мандайының ортасындағы жалғыз көзі үш көш жерді көретін еді. 5. Бір күні Дуба соқыр Добұн мерген бауырымен бірге Бұрхан-қалдун тауына шығады. Дуба соқыр Бұрхан-қалдунда тұрып қараса, Түңкелік бұлағына таман бір топ ауыл көшіп келеді екен. 6. Сонда Дуба соқыр: «Мына көшкен ауылдың ішінде, бітеу арбаның алдында бір сұлу қыз кетіп барады. Егер біреудің жары болмаса, бауырым Добұн мерген, саған айттырып алып берейін», — деп оны көріп келуге Добұн мерген бауырын жібереді. 7. Добұн мерген манағы көшке барып, қызды көрсе, шынында хас сұлудың өзі екен және біреудің жары емес екен. Есімі Алұн сұлу екен... 10. Алұн сұлу Добұн мергенге келгеннен кейін, Бүгінүтей, Белгінүтей деген екі ұл туады.» («МҚШ. 27-бет. 2009 ж.)

Жоғарыда келтірілген екі оқиға арқылы Әлкей Марғұлан мен ортағасырлық де-

ҰЛЫТАУДЫҢ



ректерде кеңінен аталған Добын мерген бір тарихи тұлға екенін бізге жеткізеді. Домбауыл металлургия орталығын басқарған деп Мағрипа Жылқыбаева да өз зерттеулерінде жазады және ол Қорқыт пен Қара ханның (кейінгі, Оңыз қананның әкесі емес) замандасы екенін алға тартады.

1950 жылы Әлкей Марғұлан Таңбалы Нұраны зерттеді. Таңбалытас-Кендірлік (Таңбалы Нұра) – қазақ үшін ғана емес, күллі түрк әлемі үшін құнды және қасиетті ескерткіш. Таңбалытас шатқалындағы тас жазулары мен белгілерін зерттеулер, нысандағы ең ерте таңбалардың оғыздар заманына, яғни VIII-XI ғасырларға жататынын растайды. Сонымен қоса, тастағы суреттер қола дәуірінен бастап Қазақ қандығына дейінгі заманды қамтитын әртүрлі кезеңдерге тиесілі деген де пікір бар.

Бұл кешен қазақ тарихында орын алған басты оқиғаға, бір бүтін мемлекет құру үшін тайпалардың бірігуіне тікелей қатысы бар. Барлық белгілер тарихтағы қауіп төнген кездерде келесі ұрпаққа бірлік белгісін көрсету үшін және жойылып кеткен болса тарихтағы естелік ақпарат ретінде шыңға қашалған. «Осы оқиға есте қаларлық үшін олар шыңның бет жағына өздерінің ру таңбаларын қашап салды. Таңбалытас аталған бұл жартасты қазақтар Ұлытау аумағына жатқызады, өйткені бұл жердің Таңбалытас-Кендірлік аталуы оның Ұлытауға қатысты екенін білдіреді». (Ә. Марғұлан, 2011).

Таңбалытас Мойынқұм құмдарынан түстікке қарай 60 шақырым, Сарысу өзенінен шығысқа қарай 20 шақырым жерде, Оңтүстік Қазақстан облысының теріскей аумағында орналасқан. Ескерткіш табиғаттың жабайы жағдайымен қорғалып бізге дейін жеткенімен, кейбір мәліметтер бойынша кеңес заманында құрылысқа қажетті материал табу үшін қарьерлік жұмыстары арқылы өндірістік вандализмге ұшыраған.

Бірақ, мұндай өкінішті жәйтке қарамастан, ғылым бізге әр жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жеткізді. Шамамен 47 метр тереңдіктегі аңғарда орналасқан шыңның аумағы

6 шаршы метр көлемінде. 1890 жылы омбылық топограф Ю. А. Шмидтің зерттеуіне сенсек, шыңда 445 тайпа және ру таңбалары қашалған. Таңбалытас туралы алғашқы мәліметтер Машхұр Жүсіптің еңбектерінде кездеседі. 1840 жылы А. И. Шренк, әскери дәрігер Л. О. Кузнецов, 1895 жылы Атбасар уезінің аудармашысы Асанқожа Бекқожин, 1928 жылы Қарсақбай мыс балқыту комбинатының бас геологы Қ. И. Сәтбаев және 1950 жылы ОҚАЭ-сын басқарған Ә. Х. Марғұлан кешенде тиянақты зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Оғыздар заманына жататын таңбалардың басты шоғырын XI ғасырдың ортасына жатқызуға болады. Өйткені сол кезде дала саясатында мұрагерлік басқару жүйесінде ауыс-түйіс орын алған. Сол кезде тек қияттар (бағаналылардың бабалары мен нируундар) Ұлытауда таққа ие болу құқығын сақтап қалған, ал қайы, баят, баяндүр тайпалары бүгінгі Түркменстанға, кейін Түркияға көшкен.

Таңбалытас кешені археологиялық зерттеу мен қайта қалпына келтіру жұмыстарын талап етеді. Ескерткіш күллі түрк әлемінің ғана емес, дүниежүзілік қоғамның назарына лайықты құнды нысан. Жаңадан құрылған Ұлытау облысы мен ОҚО басшылығы бірігіп отырып, Таңбалытасты ұлытаулықтардың зерттеу аумағына еңгізу туралы шешім қабылдаған жөн. Археологиялық зерттеулер мен қайта қалпына келтіру жұмыстары арқылы ескерткіштің көшірмесін жасап, туристердің назарына ұсынуға болар еді.

Қатаң табиғи жағдай, топырақтың кебінуі және жоғарғы күн радиациясы Ұлытау өңірінде өмір сүрудің басты шаруашылығы ретінде көшпелілікті қалыптастырды. Бірақ, археологиялық зерттеулердің берген ақпаратынан, мал шаруашылығына қоса өзендердің жағасына орналасқан қамалдардың айналасында жер жыртқып егін егу тәжірибесі де дамығаны туралы белгілі.

Кейбір деректер, оғыздар қарасулардың арнасындағы көздер арқылы азаймайтын суды шығыр арқылы пайдаланғаны туралы жазады. Өңірде ата-заманнан көп

көлемде шығыр болғанын бізге Әлкей Марғұлан айтады: «Біздің заманымыздың өзінде Торғай, Жыланшық, Кеңгір, Сарысу, т.б. өзендердің алқабында шашылып жатқан шығырларға назар аудардық. Шығыр сөзінен Шығырлы-Жыланшық өзені өз атауына ие болған». (Марғұлан Ә. Шығармалар. VIII т. 2011).

Көшпелілік пен аз көлемдегі егіншіліктен басқа, жергілікті мемлекеттің экономикасын өсіруге басты көз болған, өңірде металлургия дамыды. Металлургиялық өнімдерін Еуразияның әртүрлі елдеріне ортаазиялық саудагерлер таратып, көшпелілердің әскери күшін қамтамасыз ету мен күшеюіне мүмкіндік беріп отырды. Жезқазғанның кенқазушылары, металлургиялық қолөнершілері және зергерлері мемлекеттің қазынасын толтыруға басты себепші болатын өнім шығарған.

Әлкей Марғұлан бастаған ОҚАЭ Ұлытау өңірінде, 1946-1950 жылдардағы дала маусымдарында оннан аса ортағасырлық қалашық ашып зерттеді. Олардың қатарында, Сарысудың бойындағы Қарағаш, Мәулімберді, Қарасақал, Жұбанана, Қайып-ата, Талмас-ата, Айтбұлақ, Төртқұлақ-қорған, Белен-ана, Ататегі және басқасы, Кеңгір өзенінің бойында он қала, Жезді өзенінің бойында төрт қала (Басқамыр, Аяққамыр, Талдысай, Жезқазған), Ұлытау тауының айналасында он қала және Жетіқоңырдың құмдарында Талдыкент қаласы анықталды.

Сол қалалардың ішінде Әлкей Хақанұлы Басқамыр қамалына ерекше көңіл бөледі. Басқамыр қаласы Талдысай археологиялық кешенде орталық орын алып отырған нысан, өйткені дәл осы қамалдың табылуының арқасында кейін басқа да «Талдысайдың таңғажайыптары» анықталды. Қалаға цитаделдің қуатты қорғаныс қабырғалары, дәл сондай сыртқы қабырғалары, сонымен қоса, бұрыш және қаптал мұнаралары, жетік ойластырылған цитадел кіреберісі тән.

Археологтардың пікірі бойынша, бекініс сарайдың жасы VIII-XII ғасырларға келеді және Ұлытау тарихындағы оғыз заманына сәйкес. Басқамыр қалашығы,

СЫРЫН АШҚАН

бекініс қамал ретінде, Үлкен Жезді өзенінің сол жақ жағалауында, Талдысай металлургиялық қоныстан оңтүстікке қарай жарты шақырым жерде орналасқан.

Қамалды бірінші болып көрнекі түрде Әлкей Марғұлан зерттеген. Академик Басқамырды былай сипаттайды: «...беттері 136x136 м көлемдегі, төртбұрышты композициалы ортағасырлық феодалды қамал. Цитадел қаптал мұнаралары бар уш қуатты қабырғалармен қоршалған. Қамал қабырғаларымен дүниежүзінің төрт бағытына қарап тұр. Жер бетінен дуал болып шығып тұрған сыртқы қабырғаның жуандығы 2 метр, ол жалпақ тастан салынған іргетастың үстінен ірі көлемдегі шым кірпішпен көтерілген. Дуалдың ұзындығы 108x110 м., ені – 14 м. Үлкен үйінді болып жатқан қорғаныс мұнаралардың қалдықтары 10 м биіктікке дейін жетеді. Диаметрі 12 метрді құрайтын сыртқы қабырғалардың мұнаралары домалақ композициялы болған, олар барлық төрт бұрыш пен қабырғалардың ортасында орналасқан. Екі жағында домалақ мұнаралары бар қақпа оңтүстік-шығыс қабырғаның ортасында болған». (А. Марғұлан, 2011). Ә. Марғұлан тапқан керамика түріндегі артефактілер көзеші ұршығында жасалған.

Ә. Марғұлан басқарған ОҚАЭ-сы деректерде Сарай аталған Шотқара қамалын да зерттеді. Сарай (Шотқара) – Оғыз қағанаты кезінде бой көтерген ортағасырлық қамал, Жезқазған қаласынан 40 шақырым, Жошы қан кешенінен оңтүстік-батысқа қарай 9 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Әлекең ескерткіші Хафиз Таныштың 1583 жылғы сипаттамасына сүйене отырып анықтаған және көз жүгірту тәсілі арқылы өз сипаттамасын берген.

Ә. Марғұлан айтты бойынша, Шотқара – Хафиз Таныштың еңбегінде аталған Сарай. Жылнамашы бұқара әмірі Абдаллах II Баба Сұлтанға қарсы ұйымдастырған ұлытаулық жорығында, Жошы қан мазарына жетпей Сарай деген жерде ат суықарына туралы жазады. Сонымен қоса, «Шах даңқы кітабында», «Жаһангер қағанның Сарысу өзенінің жағасына келуі» атты бөлімде Шотқара атауы үш рет аталады. Бірінші рет Абдаллахтың шатырына Баба сұлтаннан қашып келген әмір Исан Кельді-отаршы туралы оқиғада «мен Баба сұлтаннан Чет-Қара-қожаға кетіп қалдым» делінген. Екінші рет Абдаллахтың қолына түскен Баба сұлтанның мылтықшыларынан жауап алу кезінде айтылады. «Біз аң аулау үшін Чет-Қара-қожаға кеттік. Сондықтан, қазір Баба сұлтан мен Бұзақұр сұлтан Жошының мазарында үрей үстінде болуы тиіс».

Чет-Қара-қожаның кітапта үшінші рет айтылуы бізді қазіргі Шотқарадан одан сайын алыстатады. «Сенбі, 29-да ол Чет-Қара-қожаға келіп, оның жалауларының желбіреуінен сәулелер жарқырады». Бұл оқиға Болған анаға келгенге дейін орын алған. Чет-Қара-қожа мен Болған ананың арасында «дүйсенбіде, раби айының бірінші күнінде, Құдайға үміт артқан Абдаллах, жыланның қабынан басқа ештеңе көрінбейтін жерге келді».

Жоғарыдағы мәліметке қарап, Хафиз Таныштың жазғанына сенсек, Шотқара Сарысу өзенінің бойында, Болған ананан төмен орналасқан, ал қазіргі біз айтып жүрген Шотқара сол кездегі Сарай екені даусыз.

Әлкей Марғұлан ашқан тағы бір уыз толтырып айтатын археологиялық ескерткіштердің қатарына Айбас қамалын жатқызуға болады. Бұл – Ұлытау археологиялық ескерткіштердің арасында ерекше

орынға ие, әсіресе оғыздар заманында тіршілік еткен нысан. Ол Ұлытау тауларының солтүстік-батысынан бастау алатын Айбас өзенінің жағасында орналасқан. Ә. Марғұлан басқарған ОҚАЭ қамалды 1952 жылы зерттеген. Әлкей Хақанұлы Айбасты бекіністі қыстақ ретінде белгілеген. Төртбұрышты ғимараттың көлемі 35x35 метрді құрап, Басқамыр, Аяққамыр және Домбағұлға қарағанда әлде қайда кішірек.

Бекіністің ерекшелігі ретінде, жуандығы 4 метрге жететін, балшық ерітіндіде ірі тоқпақ тастан қаланған қуатты қабырғаларын қарастыруға болады. Бірақ, бұрыштарында сақталған мұнараларға қарап, құрылысты әйшеуің қыстақ деп айтуға қиын. Бұл ғимарат кішірек көлемдегі қамал деуге жақынырақ. 1952 жылы мұнаралардың қирандысы 4 метр биіктікте болған. Ондай параметрлер қамалдың тіршілік еткен кезінде 10 метрге дейін жеткенін білдіреді. Ғимарат қатардағы қыстақ еместігін 2-2,5 метр биіктіктегі қабырғалар қирандысы дәлелдейді.

Қазба жұмыстар кезінде қамалдың екі кіреберісі анықталды. Бір есік батыс жағында, ал екіншісі төртбұрышты тұрғын құрылыстың түстік жағында орналасқан. Ғимараттың жалпы ауданы шамамен 70 м². Қамалдың екі жағынан ағып жатқан Айбас өзенінің жағалауында егіншілік пен қолдан жасалған суару жүйесінің ескі іздері байқалады. Бұл жәйіт осы жерде егіншілік мәдениетінің дамығанын білдіреді.

Айбас қамалы – бір бүтін археологиялық кешеннің нысандарының бірі. Қамалдың біршама жерде қала дәуіріне жататын қорымның теріскей жағында Айбас дарасы атты некрополь жатыр. Ескерткіштің жасын Ә. Марғұлан б. Д. Д. XII-XI ғасырларға жатқызды. Қорымның ауданы 12x12 м, қабырғалары нысанды ерекшелендіретін, көлемі 2,8x2,6x1,5 метрлі қуатты гранит плиталардан тұрғызылған. Дәл сондай плиталар табыты жауып тұрған. Бірақ, ол «қақпақ» бірнеше рет тонау салдарынан сақталмаған. Айбас дарасындағы Әлкей Марғұлан ашқан басты археологиялық табысы болып алтын білезік саналады.

Кешен Бегазы-Дәндібай мәдениетінің жарқын ескерткіші және ерекше туристік нысан болып есептеледі. Айбас қамалы Ұлытау өңірінің қала мәдениетіне жататын ескерткіштердің арасында өз орнын ойып белгілеп алды. Оғыз заманына жататын нысандардың ұлықтылығы, күрделі архитектурасы, Басқамырдағыдай орталықтандырылған сумен қамту жүйесі археологиялық ғылымға зор үлес қосады.

Ұлытаудың белгілі археологиялық ескерткіш ретінде, Жезді кентінен солтүстік-батысқа қарай 8 шақырым жерде, бұрыңғы «Лениншіл» ұжымшарының орнында орналасқан, оғыздар заманына жататын Аяққамыр қалашығы аталады. Ә. Марғұлан бастаған ОҚАЭ қалашықты көзбен шолу арқылы зерттеп, ұзындығы мен ені 56x60 метрге және биіктігі 2 метрге жететін «биік емес, ісінген төмпешіктің» аумағын анықтады.

Қазақ археологиясының қоржынына Ә. Марғұлан толтырған тағы бір ескерткіш – Нұдждаһ қаласы. Нысан Ұлытау тауларының батыс беткейінде, Нөгербек дарасымен ағатын өзеннің жағасында, Айбас дарасынан солтүстік-шығысқа қарай 4 шақырым жерде орналасқан. Әлекеңнен кейін Қалашықты Ә. Марғұлан, С. Жолдасбаев, Ж. Смайылов зерттеген.

Оғыз қағанаты кезінде салынған ескерткіш өзін бекініс сарай ретінде танытады. Ә. Марғұлан қамалдың келесі сипаттамасын береді: «Нөгербек-Дарасы қалашықтың жоспарын 1941 жылы геолог Б. М. Чудинов түсіріп алған және осы

жазба жолдарының авторына тапсырған. Жоспардан Нөгербек-Дарасы, Айбас-Дарасына қарағанда, күрделірек құрылым екені көрінеді. Трапеция түрдегі бекініс қамалдар өте сирек кездеседі. Қамал қабырғалары тас пен кірпіштен көтерілген. Трапецияның бүйір жақтарының ұзындығы 82 метр, оның кең жағы – 78 метр, қысқа жағы – 55 метр, қабырғалардың жуандығы – 4-5 метр. Қабырғалардың орталарында бір-біреуден бұрыш және қанат мұнаралардың қалдықтары сақталған. Қамалдың ішінде, батыс қабырға жағында, барлығы тікбұрыш түрлі бес тұрғын құрылыстың қалдықтары байқалады. Олардың үшеуі созылған пішінді. Ірілердің аумағы – 375 м², орташалардікі – 250 м², кішілердікі – 150 м². Ашық орталық алаң және қамалдың шығыс жақ жартысы мал қора ретінде пайдаланылған. Табылған үш құдық таспен қаланған. Олардың ең үлкені қамалдың ішінде орналасқан, екіншісі – қамалдың батыс жағының сыртында, үшіншісі – оның солтүстік-шығысының бұрышында. Сонымен қатар, арықтар мен егіндіктің іздері анықталды». (Марғұлан Ә. 2011, 359-бет).

Ұлытау өңіріндегі Ә. Марғұлан ашқан тарихи ескерткіштердің арасында Басқамыр секілді аса ірі қамалдардың бірі ретінде Ескі хан ордасын атауға болады. Оғыз заманының карталарына қарап отырып, кейін бұл қаланы Жұман Смайылов Бадағһ қаласына теңестірді.

Бадағһ – Ақсай өзенінің Қара-Кеңгірге құятын тұста, Қаракеңгір ауылынан 35 шақырым түстікке қарай орналасқан бекініс қамалдың қирандысы. Жолсерік ретінде Дүзен күмбезін алуға болады.

Әлкей Марғұлан қалашықты алғашқы болып зерттеп, ескерткіштің сипатын берген. «Ақсай қалашығы 5-6 метр биіктігі бар үлкен үйінді болып табылады. Бұрыштары мен қабырғалардың ортаңғы тұстарында мұнаралар байқалады. Қамал құйдірілген кірпіш пен тастан көтерілген. Жоспарында қабырғаларының көлемі 100x110 метрдей болып танылады. Қабырға үйінділерінің айналасында ені 5 метр, тереңдігі 2-3 метр орлар сақталған. Қамалдың теріскей-шығыс жартысында цитаделдің қабырғалары мен мұнаралардың қалдығы анықталды». (Марғұлан Ә. 2011, 365-бет).

Әлкей Хақанұлы Ақсайда кең көлемдегі қазба жұмыстарын жүргізбеген, сондықтан «алдынала нақты тұжырым жасау ерте» деген. Бірақ, көзбен зерделеу нәтижесінде қалашықтың үстіңгі қабатынан, Ақ орда заманының қала мәдениетіне тиесілі керамикалық материал алынған. Кейін Жұман Смайыловтың жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде қамалдың тіршілік еткен уақыты оғыздардан Ақ ордаға дейінгі мерзімді алып отырғаны белгілі болды.

Ескі хан ордасы мен Басқамырдың қатарына Ә. Марғұлан ашқан тағы бір ірі археологиялық нысанды жатқызамыз. Ол – Домбағұл қамалы. Әлекең қамал құрылысының ғылыми сипаты мен оның тіршілік еткен мерзімін айқындады. Оның ойынша, қамал Домбауылдың (Добын баян) заманында, яғни оғыздардың кезінде салынып, Ақ орда (ордаежендіктер) билеушілерінің резиденциясы ретінде қызмет атқарған.

Әлкей Марғұлан қамалға берген сипатына тоқтала кетсек, ол былай жазады: «Домбағұл қайы мен тау арықтарымен қоршалған кең аңғарда, Арғанаты тауының батыс беткейінде, ескі Домбағұл және Бейсембі қыстақтарының ортасында, Шеңбер ұжымшарының орталығынан шығысқа қарай 35 шақырым жерде орналасқан. Ұлытау даласында Алаша-хан ордасынан

(Ақсай, Бадағһ – автор) кейін Домбағұл өзінің маңызы мен ірілігінен екінші қорған болып табылады.

Домбағұлдың жуан қабырғалары күйдірілген кірпіштен көтерілген, қабырғалардың айналасында терең ор жүрген. Қамалдың қақпасы мен оның бұрыштарында қорған мұнаралар биіктеп тұрған. Бекіністің ішінде күйдірілген кірпіштен салынған цитадель орналасқан.

Қалашықтың жоспары тікбұрышты жүзіне ие, оның ұзын өсі сызығымен батыс-шығысқа бағытталған. Сыртқы қабырғаның көлемі 85 және 35 метр, ал сақталған биіктігі 2 метрден 8 метрге дейін. Цитаделдің көлемі 28x30 метр. Ордың беттерінің көлемі 102x74 метр, ені – 8-12 метр, тереңдігі – 4 метр. Қамалдың шығыс қабырғасына шикі кірпіштен көтерілген үй-жай жабыстырылып салынған. Оның ішінде, шамамен, сарайға қызмет еткен адамдар мен жауынгерлер тұрған. Бекіністің аумағында өзер білінетін құрылыстардың ізі байқалады. Қамал қабырғаларының жанында егіндіктің іздері мен едәуір қалың суару жүйесі анықталды». (Марғұлан Ә. Х. 2011. Т.8).

Әлкей Марғұлан Домбағұлда қазба жұмыстарын жүргізген жоқ және қалашықты зерттеудің мол болашағы бар екенін атап өткен. Оның ойы бойынша, «зерттеу жұмыстары ғылымды бағалы материалдармен толықтыруға көмектеседі».

Өзінің жазбаларының бірінде Ә. Марғұлан Домбағұлды «Орда-Базар (Орда қонған, Алаша хан)» деп атайды. Бұл жерде атап өтетін бір жәйіт – Қуаныш Ахметовтың Орда-Базарды Жошы ордасына теңестіруі қате болғандықта, өйткені Кухистани Орда-Базар туралы жазғанда, оны қыпшақтардың астанасы деп атайды. Яғни, Орда-Базарға Жошы ұлысы құрылғанға дейін, басқа сөзбен айтқанда, XIII ғасыр болмай салынған қамал жатады. Ал Жошы ордасы сарайы бекінісі жоқ резиденция болып табылады, яғни, ол Шыңғыз қаған дәуірінің басталуымен байланысты.

Сонымен қатар, Орда-Базар туралы жазғанда, Кухистани оны «Сайын ханның (Баты) тағы» деп атайды. Бұл жәйіт біз үшін Домбағұл бойынша зерттеу жұмыстары үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Домбағұл бастапқы кезде оғыздардың қаласы Дарқу, оның ішінде Добын-баянның (Домбауыл) сарайы ретінде салынып, кейін Жошы хан мен Баты ханның бастапқы кездегі ордасы болған және қамал Кухистани атаған Орда-Базар болып табылады.

Әлкей Марғұлан ашып және белгілеп кеткен археологиялық ескерткіштердің қатарында Қаратон қамалы бар. Әлекеңнің мәліметі бойынша Қаратонның қирандысы Шеңбер ұжымшарының (бүгінгі Қорғасын ауылы) орталығынан шығысқа қарай 50 шақырым жерде орналасқан. Ол Қаратонды былай бейнелейді: «Бұрыш және қабырға ортасы мұнаралары бар төртбұрышты жоспарлы бекініс жер дуалдар және орлармен қоршалған. 38x38 метрге созылған бекініс қабырғалары шикі кірпіштен салынған, жүздері дүниенің төрт бағытына қаратылған. Дуалдың ені 5-6 метр, биіктігі – 2-2,5 метр, орлардың ені – 2-2,5 метр. Оңтүстік-шығыс қабырғасында сыпырылған тастармен қаланған қамалдың кіреберісі – далданың қалдығы сақталған. Қамалдың ортасында, көлемі 10x10 метрді құрайтын, арасына цементтелген балшықты қосып отырып, шикі кірпіштен салынған цитадель орналасқан. Бұл жерде өзінің жақындарымен феодал мекен еткен. Қамалдың екі қабат қабырғалары сырттан шабуылдаған басқыншылардан қорған болған». (Марғұлан Ә. 2011).

(Жалғасы 6-бетте)

ҰЛЫТАУДЫҢ СЫРЫН АШҚАН

Қаратон өзінің құрылымымен Ұлытау өңіріндегі қамалдарға тән. Барлық сипаттамалары бекініс қамалдың көтерілген уақытын оғыздардың заманына жатқызады. Оған, Басқамырдағыдай, сол заманға келетін бұрыш мұнараларының қамалдың төрт бұрышында орналасқаны және іргесі жалпақ таспен, ал қабырғасы шикі кірпіштен көтерілгені дәлел.

Құрылыс нысан егін егу үшін тиімді жерде тұр. Қамалдың айналасында Өлкей Хақанұлы көне суару жүйесінің қалдығы мен ескі егістік алқабын анықтады. Кішігірім аумағына қарамастан, Қаратон цитадельді бекініс сарайына жатады және Ұлытау аумағындағы бағалы тарихи-архитектуралық мұра болып табылады. Қаратон қандай да бір ортағасыр дерекнамалық куәгерлікке ие емес. Бірақ, оған қарамастан ескерткіштің потенциалы туристік нысан ретінде өте жоғары, өйткені, ол Дарқу (Домбағұл) қамалына барар, Ұлытау-Арқалық тас жолынан шығысқа қарай 4 шақырым жерде орналасқан.

Аталған ескерткіштен басқа Ұлытау өңірінде ОҚАЭ-сы Жұбан ана, Аманбай дуалы, Жерқорған, немесе Қаражар бекінісі, Болған ана, төменге қарай орналасқан Талмас ата, Айтбұлақ, Төртқұлаққорған, Жаманқорған және Сарысудың бойындағы басқасы, Жетіқоңыр құмдарындағы Талдықент, Бетпақдаладағы Өлке қоныстарын анықтаған. Оған қоса, «Кішітаудың батыс беткейінде, Ақтас кен орнынан солтүстік-шығысқа қарай 28 шақырым жерде бекініс құрылыстың қирандысы, Бодық деген жерде, Шығырлы өзенінің бойында тастан салынған қамалдың қабырғаларының қирандысы бар». (Марғұлан Ө. 2011). Бұл ескерткіштердің бәрі зерттеулерді, археологиялық қазба жұмыстарын, қайта қалпына келтіруді және БАҚ арқылы елге танытуды талап етеді.

1946 жылы Ө. Марғұлан бастаған ОҚАЭ-сы өз жұмысын Жошы хан археологиялық кешеннен бастаған. Қазба жұмыстары кезінде Жошы хан мавзолейінің басты архитектуралық сипаттамасы айқындалып, айналасындағы кесенелердің үйінділері зерттелген. «Горизонттан 0,8 м тереңдіктен, артқы қабырғасының қатарында орналасқан екі табыттың шұңқыры бар сағана ашылды. 2,20 м ұзындығы бар бірінші табыттың қабырғасы мен түбі балшық жағындының үстінен жуан қабатты алебастр сылағымен жабылған. Табытта орташа жастағы ер адамның, бір қолының сүйегі жақсы сақталған қаңқасы табылды». (Ө. Марғұлан, 2011).

Өлкей Хақанұлының ойынша, бір қолының жоқтығы көне деректерге сай келіп, табыттың Жошы ханға тиесілі екендігін дәлелдейді. Ө. Марғұлан өзінің «Шығармаларында» Жошының мавзолейі бірнеше рет тоналғаны туралы жазады. Мәйіт алтын жіппен тігілген киім мен алтын ыдыс-аяқпен жерленгенін Болған ана күмбездіңде жасалған қазба жұмыстары дәлелдеп отыр. Ол табыттан 2018 жылы алтын киімі мен алтын тостағаны шыққан. Сондықтан, бұл ескерткіштер баяғыдан бері тонаушылардың теріс ниеттерін оятып, дәулетті кісілердің табытын мазалауға итермелеп отырған.

Оған қоса, Өлкей Хақанұлы былай деп жазады: «Жергілікті елдің сөзінше порталдың бет жағындағы белбеушеде мавзолейдің салған мерзімі мен жазулары бар күйдірілген тақталар болған. Оларды 1911 жылы атбасардың уездік басшысына бұйрығымен «дала генерал-губернаторына көрсетуге алып кеткен». (Ө. Марғұлан, 2011, 376-бет).

Өлекеңнің осы жазуына қарап біз 2020 жылы Алматыдағы Мемлекеттік Орталық Мұрағатындағы қорларды ақтарғанымызда ізі Омбыға апаратынын байқадық, өйткені, шынымен 1911 жылдың 5-7 мамыр күндерінді Атбасарға, күллі генерал-губернаторлығын аралап жүрген, Отто фон Шмидт келіп қонған екен. Оның жұмыс сапарының басты мақсаты Омбыда жоспарланған халықаралық жәрменкеге дайындық жұмыстары болатын. 15 маусымнан 15 шілде аралығында өткен жәрменкеге дүниежүзінен 260 000 адам келіп тамашалаған. Оның экспозициясындағы ең қызық павильон болып «Сибироведение» аталды. Ол павильонға күллі генерал-губернаторлықтан экспонаттар әкелінгені айтылады. Соған қарағанда Жошы қанның жазу тақталары Омбының немесе басқа Ресей федерациясының мұражайларында сақтауында екенін болжауға болады.

Өлкей Марғұлан мавзолейдегі табыт бойынша тағы бір мәлімет келтіреді: «1929 жылы қан қазынасын іздеу мақсатында Атбасардың тұрғындары екі табытты да қазып ашқан. Соның салдарынан табыттың инвентары өзінің бастапқы көрінісін жоғалтқан, ал Жошы ханның бәйбішесінің бас сүйегі оның табытына тасталған». (Ө. Марғұлан, 2011, 377-бет).

Жошы қанның табытын қазған кезде, Оғыз қаһанатының тоғыз ордасын естелікке қалдырған (Орда, Ұйғыр, Қыпшақ, Қанқлы, Қалаш, Қарлық, Ұр-Маңқаш, Салжуыт, Желаяуыт) тоғыз дынды тас тақта табылған. Тақта Оғыз қаһанның заманынан бастама алатын мұңғыл әулетінің Шыңғыз қаһанның кезінде де сақталғанын байқатады.

Тағы бір тас тақта табыттың еденінен ашылды. Ол Жошы қанның арқасының астында жатқан және ол тақтада жағатай тілінде (көне түрк тілі, араб әліппесі) «ықпал» деген сөз жазылған. Бұл тақта жоғарыға шығару сәтте ылғалдықтың кесірінен үшке бірнеше бөлікке қақ сынды және ол экспонаттардың тағдыры бізге беймәлім.

Оған қоса Өлкей Марғұлан Жошы хан күмбесінің цилиндрлі барабанынан түскен көк бояулы кесімді терракоттардың 55 данасын тапты. (ОМА, Ф. №2415, опись №1, 489 іс). Терракоттардың бар екенін жергілікті ел көрсетіп, жедігерлер күмбес қабырғасының жарылған қуыстарынан табылған.

Жошы ордасын археологиялық нысан ретінде ең алғашқы рет Өлкей Марғұлан өз «Шығармаларында» атайды. «...Мавзолейдің жан-жағында жиырмаға жуық декор қаптаулары бар күйдірілген кірпіштен салынған құрылыс нысандардың үйінділері бар. Осы Кеңгір өзенінің сол жағалауында, мавзолейден алыс емес жерде зерттелмеген үйінді орналасқан. Бәлкім, бұл жерде Сарайлының немесе Жошы хан ордасының үйінділері болуы мүмкін».

Жошы ордасын кешенді түрде алғашқы болып ашқан Жұман Смайылов. 1990-жылдары ол осы жерде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді және оның зерттеулері Өлкей Хақанұлының болжамын растап шықты. Мавзолейдің жан-жағындағы үйінділер әйшейін қыстақтар емес сарайлар мен қоймалар болғанын, ал 500 метрге дейін созылып жатқан төмпешкілер Жошының, туралап айтқанда Орда Еженнің ұрпақтары тыным тапқан хандық пантеоны екені дәлелденді.

Ө. Марғұлан жоғарыда аталған жиырмаға жуық күмбездердің үйінді-

лерінің бірінде қазба жұмыстарын жүргізді. Ол нысан Жошы мавзолейінен түстік – шығысқа қарай 350 метр жерде орналасқан. Қазба жұмыстың мақсаты мәйіттің антропологиялық және этнографиялық сипаттамасы болғандықтан, тек ғимарат үйіндісінің ішкі аумағындағы еден тазаланып, табыттың өзі ашылды. Ол жерден бойы 175 см ер адамның сүйегі ашылды.

1950 жылы Өлкей Марғұлан бастаған ОҚАЭБелен ана мен Таңбалы нұраны зерттеді. Аталынып отырған көненің ескерткіші қазақ тарихында орын алған өзекті оқиға — «қазақ» этнонимі арқылы, Тоқай-Темірдің әулеті билікке келуімен және жаңа мемлекеттілік құрылғанымен байланысты. «Сол оқиға ұрпақтың есінде қалу үшін олар жарға өздерінің рулық таңбаларын қашады».

Таңбалы тас аталып кеткен ол жарды қазақтар Ұлытау ауданына жатқызады. Бұл жердің Ұлытауға қатысы бар екені туралы оның Таңбалы тас – Кендірлік атауы айтып тұр». (Ө. Марғұлан, 2011). Таңбалы Нұра тек қазақтарға ғана емес, күллі түрк әлемі үшін құнды және қасиетті ескерткіш болып саналады.

Ұлытау облысы, Жаңа-Арқа ауданында, Сарысу өзенінің жоғарғы ағысында Жұбан ана археологиялық кешен орналасқан. Бұл тарихи орынды зерттеу басталғаннан-ақ зерттеушілердің назарын Жұбан ана кесенесі өзіне тартқан. «Джань Ана» (Жуан ана) туралы біз Н. Рычковтың жазбаларында кездестіреміз. Бірақ «Болған ана» атты мақаламызда біз капитанның қателігі туралы жазған болатынбыз. Дегенмен, бұл қате ұғым қатені түзеуді мақсат еткен Өлкей Марғұланды, Кеңгірдің Сарысуға құяр тұсындағы мәдени қабатты түгелдей зерттеуге жетеледі. Нәтижесінде, Өлкей Хақанұлы көне Жұбан ана қаласымен теңестіруге мүмкіндік етпейтін екі топ қонысты зерттеп шықты. Қазба жұмыстары кезінде Кеңгір өзенінің оң жақ жағалауында шурф жасалып, қоныстардың іздерін тапты. «Олар түстік-шығыстан теріскей-батысқа қарай созылған көлемдері 24 метрден 35 метрге дейін созылып жатқан үш төртбұрышты қоныстар болып табылады». (Ө. Марғұлан, 2011).

Нысанда табылған көтерме материал құмыра дөңгелегінде жақсы күйдірілген, тығызсаздан жасалған, жылтыратылмаған керамиканың сынықтарынан құралады. Мұнда ірі елді – мекендердің ізінің болмауы Марғұланды мынадай қорытындыға келуге келуге мәжбүр етті: «Бекініс қабырғаларының болмауы бұл шағын елді мекендерді мал және егіншілікпен айналысқан жатақтар мекендегенін көрсетеді, бұл ұзындығы 2–3 шақырымға дейінгі ежелгі суландыру жүйесінің іздерінің болуымен расталады».

Ал Жұбан анаға оралатын болсақ, үшкіркүмбезді ғимаратты Ө. Марғұлан исламға дейінгі архитектураға, яғни оғыз заманына жатқызады. Ескерткіш Атасу өзенінің Сарысуға құятын тұстан 50 шақырым төмен жерде орналасқан. Нысанды Ш. Уәлиханов өзінің суреттемелерінде көрсеткен. Табыттың егжей-тегжейлі сипаттамасын біз Ө. Марғұланның жазбаларында кездестіреміз. 1946 жылы күмбезді ОҚАЭ-сы, ал 1974 жылы ҚКСР экспедициясы зерттеген.

Зерттеу барысында ұйғыр әліппесімен тас тақтайшада жазылған «Талмас ата» деген жазу табылған. Көне аңыздар бойынша Талмас ата Жұбан ананың күйеуі болған. Оның табыты Қаражардан төмен жерде, Сарысудың жағасында орналасқан

және күйдірілген кірпіштен тұрғызылған ғимараттың үйіндісі ретінде танымал. Ө. Марғұланның ойы бойынша екі нысан бір уақытта тұрғызылған. Жұбан ана қабірі Сырдарияның төменіндегі Қорқыт атаның апасының күмбесіне ұқсас. Ғимарат – сәулет шеберліктің үлгісі, біркамералық күмбезді құрылыс.

Ескерткіштің пішіні 6x6 метр, биіктігі де 6 метрді құрайды. Ішкі периметрі — 4x4 м. Күмбесі және барабаны 27x27x6 см өлшемдегі күйдірілген кірпішпен қаланған. Мавзолейдің жанынан Ө. Марғұлан, ақордалық заманына тиесілі бекінісі жоқ қалашыққа жататын сарайдың үйіндісін анықтаған. Бұл нысан археологиялық қазба жұмыстарына және болашақта тиянақты зерттеуді күтіп отыр.

Жұбан ана кесенесі жанындағы бекініссіз қалашықтың орналасқаны аумақтың саудагерлерге өтуіне мүмкіндік беретін кеден бекеті болғанымен қисынды. Болған анадан Сарысу өзенінің жоғарғы ағысына қарай қозғалған керуендерге мұнда баждар салынған. Одан кейін олар әрі қарай жүріп отырған. Жұбан ана археологиялық кешені өзінше тағзым ететін жердің рөлін атқарып отыр және бұл ескерткіш жаңа зерттеулерді талап етеді.

Академик Өлкей Хақанұлы Марғұланның Ұлытауда жүргізген зерттеулерінің үлесін сараптайтын болсақ, қазақ мәдениеті үлкен олжаға ие болды десек қателеспейміз. Археологиялық нысандарды анықтап, оларды тіркеп, жалпы сипаттамасын бергені – келешек ұрпаққа үлкен рухани қорек болғанын ешкім жоққа шығара алмас.

Кеңес үкіметі орныққалы қазақтың рухани құндылығына, тарихи санасына, бабалардың ұлық мемлекет жүйелер құру жолында өткен жетістіктеріне балта шабылды. Қазақ елі киізтуырлы елдердің көшбасшысы ретінде қаралып, қайтсе де аттан түсірілу керек еді. Бұрынғы Ресей империясының халықтарының арасында ең көп және қуатты отырықшы украин елімен бірге, индустриалды жаңа даму кезеңіне басты кедергі болып отырған ел ретінде қазақтар да таңдалды.

1928 жылдан бастап осы елдерге қарсы большевиктер геноцид ұымдастырды. Ақырында 1931-1933 жылдары бұл екі ел аштан қырылды. 4 миллион украин және 2 миллионнан астам қазақ! Олардан тартып алынған ауылшаруашылық өнім шетелден индустрия өндірісіне қажет құрал-жабдықтар алуға жұмсалды.

1937–1938 жылдары онсызда тынымсыз жүргізілген қуғын – сүргін ашық түрде ескі ойлау қабілеті бар тұлғаларды жойып салуға кірісті. Нәтижесінде мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан қазақ мәдениеті, тарихы, рухани құндылықтары жойлып кетудің халіне жетті.

Сол кезде аман қалған әр ойшыл қазақтың алдында бір-ақ мақсат тұрды – сол құндылықтарды сақтап қалып, болашақта, заман түзелген уақытта қайтадан жандандыруға жағдай жасап кету! Шыңғыз қаһанның «Ясы» заңнамасына негізделген «Алаш» идеясын қазаққа жеткізушілердің қатарынан сол геноцидтен тек бірнеше тұлға, оның ішінде Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев және Өлкей Марғұлан ғана аман қалды.

Ең біріншіден этнограф болғандықтан, Өлкей Хақанұлы археологиялық зерттеулер арқылы сол жойылуға сәл қалған қазақи құндылықтарды бізге мұра ретінде сақтап жеткізді. Кезең-кезеңге тиесілі архитектуралық, әдеп-ғұрыптық ескерткіштер, аңыздар, салт-дәстүрлер Өлекеңнің еңбегінде кең қамтылған. Сондықтан, бізге жеткен сол құндылықты біз бағалап, еліміздің даму жолында рухани азық ретінде қолдануымыз қажет.

Мұхтар БАҚЫТҰЛЫ,
Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Тарихи – мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ директорының міндетін атқарушы

ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ!!!

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Мемлекет басшысы «Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір символ - мемлекеттік тіл. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру - мемлекеттің міндеті», - деген болатын.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты - қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу болып табылады.

Мемлекеттік тілді барынша дамытуға, беделін нығайтуға еліміздің барлық мемлекеттік органдары белсенді ат салысуы керек, сонда ғана елімізде жүргізілетін барлық жүйе бойынша мемлекеттік тіліміздің мәртебесі арта бермек.

Мемлекеттік (ресми) тіл осы мемлекеттік сан жағынан басым, байырғы ұлттық тілі. Сондықтан да, әлемде мемлекеттік тілді ресми тіл дейді. Қажет болған жағдайда ресми құжаттар (заңдар, т.б.) басқа тілдерге аударылады.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту әр азаматтың патриоттық борышы. Әр мемлекеттік қызметкер ана тілін күнделікті байланыста және қызметінде пайдаланса, мемлекеттік тілдің тұғыры міндетті түрде өз тұғырын биікке көтерері сөзсіз.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту - маңызды мәселе. Тіл саясатының жүзеге асырылуына ұдайы назар аударып отыру, сол арқылы уақыт ағымына сай туындайтын жаңа міндеттерді айқындау - жауапты мәселе.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі

екені нақтыланған. Ата Заңымыздың бұл талабы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабында, Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексінің 14-бабында және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 738-бабында айқын көрініс тауып, сот ісін жүргізу тілі – мемлекеттік тіл болып белгіленген. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның 4-бабына сай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процессіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі. Тіл туралы заңның талаптары сот саласының барлық сатыларында орындалуда. Сот талқылаулары, кіріс және шығыс хат-хабарлармен алмасу мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Мемлекеттік тілдің заң саласында қолдану аясы орыс тіліне қарағанда әлдеқайда кем. Бұл шындық.

Азаматтардың басым бөлігі сотқа әкімшілік талап қою жазғанда мемлекеттік тілде емес бұрынғы қалыптасқан күйде орыс тілде жазуға қалыптасқан.

Тілі мен дінінен айырылған тұлға рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, көлденең көк аттының қолжаулығына айналады. Тіл Ұлттық құндылық, тіл-халықтың жаны, тіл құрыса, халықта жер бетінен жоғалады. Сондықтан, құнарлы тілдің құнын түсірмей, жанашырлық танытып, тіліміздің қолданылу аясын кеңейтіп, келшек ұрпаққа аманаттап жеткізу өз қолымызда.

С.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық соты
әкімшісінің басшысы

РЕЛИГИЯ И ЗАКОН

Конституция, провозгласив светский характер Казахстана, признаёт право на свободу совести, а также международные акты и соглашения о правах человека обеспечивают не только право исповедовать любые религии, но и гарантируют религиозным организациям право осуществлять религиозную деятельность, не вмешиваясь в дела государства, но и не допускает государству вмешиваться в их внутреннюю жизнь. В области Ұлытау религиозные объединения привлекаются к участию в социально-культурных мероприятиях, направленных на упрочение в обществе мира и согласия. Эта дорога, как и дорога государства, общества, начиналась не сегодня. И строить её, если так можно выразиться представителем гражданского общества начали с принятием закона «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» в 20011 году. Призывая к тому, что необходимо направить духовные силы на пользу развития человечества, религиозные лидеры и гражданское общество основное внимание уделили вопросам сплочения общества вокруг вышеуказанного закона от 2011 года. И всё же идеи, высказанные в законе о религии, оказались очень востребованными в 21 веке. Сама реальность мирового развития, возрастные противоречия в мире требовали объединения потенциала мировых религий на созидательную деятельность в укреплении мира и согласия в противовес разрушающим идеям радикализма. Это во многом закономерно, так как на казахской земле законы степи утвердили принцип жить в добросо-

седстве, терпимости, взаимоподдержке, умении искать компромиссы. Разве всё выше сказанное – это не созвучно со словами Абая: «Начало человечности – любовь и справедливость» или «Без справедливости нет ни веры, ни человечности»? Всё это направлено на укрепление в обществе осознания необходимости духовного согласия для внутренней стабильности, понимания собственных корней, для развития духовного согласия. Духовное согласие в многонациональной стране невозможен был без всего принятия закона «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» от 20011 года. Наше государство, согласно этому закону, признает историческую роль ислама ханафитского направления и православного христианства в развитии культуры и духовной жизни народа, а также уважает другие религии, сочетающиеся с духовным наследием народа страны. В подавляющем большинстве случаев государство определяет свою роль в вопросах религий исключительно как регулирующую. Оно не имеет право вмешиваться в определение человеком своего отношения к религии или принадлежности к конфессии. Подытоживая сказанное, хотелось бы призвать всех неукоснительно соблюдать требования законодательства о религиозной деятельности и религиозных объединениях, так как соблюдение законов страны является залогом обеспечения прав и свобод в религиозной сфере.

Еркебулан ЖАГИПАРОВ,
член областного
информационно-
разъяснительной группы

ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Әрбір адамның өмірде толыққанды тұлға болып қалыптасуында құқықтық тәрбиенің алар орны ерекше. Тәрбиенің санқырын қарастырсақта құқықтық тәрбие, құқықтық сауаттылық қош ілгері болмақ. Қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе бүгінде көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елең қылуда. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз.

Жасөспірімдердің қылмыс жасауының себептерін қарастырар болсақ; кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізеді.

Жалпы құқық тәртібін бұзуға бейім балалар, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым

бөлігі жайсыз отбасылардан шыққан.

Жасөспірімдердің қылмысқа баруының жолдарын қарастырар болсақ - бала жүрегіне қатігездікті дарытуға себеп болатын адамды қинау мен азаптап өлтірудің эпизодтарын қамтитын компьютерлік ойындар мен мультфильмдер. Онымен қоса сан ғасырдан бері дертке айналған арақ-шарап, есірткі, темекі, түнгі ойынханалар, маскүнемдікке салынған ата-ана, толық емес отбасы тағы да бар. Отбасында толассыз ұрыс-керістен көз ашпаған жасөспірімдер қылмысқа жақын болып келеді. Олар ата-ана қамқорлығынсыз қалады.

Отбасында балаға дер кезінде қадағалау болып, ата-ана мен бала арасында сенімділік, достық сынды адами құндылықтар орнаса бала қылмыстық істерге бармасы анық. Отбасында жасөспірімдердің қылмысқа бармауын қадағалау жұмыстары басым болуы керек. Қадағалаудың екі түрі бар. Біріншісі; тікелей қадағалау - бұл сыртқы болып табылады, бұған шектеулер мен жазалаулар жатады. Тек шектеулер мен жазалаудың ар жігін ажыратып, саналы түрде қолдану керек.

Екіншісі түрі-көмекші қадағалау. Бұл сыйластық және махаббат. Жасөспірімдер ата-ана мен айналасындағы басқа адамдардың осы сезімдерін жақсы сезінеді. Сол себепті отбасында баланы тек материалдық байлыққа ғана емес рухани байлыққа бөлеп өсірсек біздің ұрпақ қылмысқа бармайды.

Жас жеткіншектердің қылмысқа бой ұру мәселесі тек құқық қорғау органдарының ғана емес, ата-ананың, мектеп, арнаулы оқу орындарымен басқа да мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың қадағалауын талап етеді. Себебі психолог мамандардың зерттеуіне сенсек, жас баланың саналы азамат болып қалыптасуында оның жанұяда, мектеп қабырғасында, көшеде көргендері ерекше орын алады. Ал сабақтан тыс уақыттарда, каникул кездерінде демалыс маусымдарының дұрыс ұйымдастырылмауы, көшедегі келеңсіз оқиғалардың көптігі жасөспірімдердің қылмыс жасауына әкеп соқтыруы анық.

Қазақстанда заң бойынша көмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған.

Келешек ұрпақтың осындай құқыққа қайшы әрекеттер жасауға жол бермеу үшін жасөспірімдер мен ата-аналар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру керек.

Бас бостандығынан айрылғандар қатарында көмелеттік жасқа толмағандардың көбеюі біздің қоғамды алаңдатпауы мүмкін емес. Қылмыстық жауапкершілікке қылмысты жасау кезінде жасы 16-ға толған азаматтар тартылатындығы белгілі.

Алайда, адам өлтіргені, қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, ауырлататын мән-жайларда денсаулыққа

қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу, ауырлатын мән-жайларда көлікті айдап кету, терроризм, адамды кепілге алу, қаруды ұрлау немесе жарылғыш заттар мен басқа да құрылғылар, ауырлатылған мән-жайларда бұзақылық, тағылық, есірткі заттары мен психотроптық заттарды ұрлау немесе қорқытып алу, ауырлатылған мән-жайларда мәйітті немесе олардың көмілген жерлерін қорлау, көлік құралын немесе теміржолдарын қасақана жарамсыздық жағдайға келтіргені үшін тұлғалар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Құқық қызметкерлерінің мәлімдемелеріне назар аударар болсақ көмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, тонау секілді қылмыстар жасайды. Соңғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы телефондарды ұрлау жиі орын алууда. Мұндай қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер құқық бұзушылардан жасы кіші, әлсіздеу, көмелеттік жасқа толмағандар болып табылады.

Ендеше келешек ғұмырымызды жалғастырар ұрпағымыздың тәрбиесімен осы кезден бастап айналысып, жасөспірімдеріміздің болашағына дұрыс бағдар беріп рухани жан-дүниесін байытып «елім, жұртым» - деп тұратын азамат етіп өсірейік.

С.М.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық сот
әкімшісінің басшысы



ОВЕН. У Овнов эта неделя может быть стрессовой, поэтому контролируйте свои эмоции и действуйте обдуманно, чтобы избежать проблем на работе. Ожидайте возможные финансовые потрясения и по возможности увеличьте резервный фонд. Если вы одиноки, есть шанс встретить интересного человека.



ТЕЛЕЦ. Следующая неделя обещает быть благоприятной: звезды складываются в вашу пользу, добавляя позитив и энергию в вашу жизнь. Ваша быстрая реакция помогут преодолеть возникающие трудности. Сейчас отличное время для обмена мыслями и идеями.



БЛИЗНЕЦЫ смогут уладить конфликты с родственниками и провести несколько краткосрочных деловых поездок и встреч, которые окажутся полезными. Хотя вы можете чувствовать отсутствие концентрации на своих целях, не стоит переживать. Попытки улучшить финансовое положение могут привести к быстрым, ошибочным решениям.



РАК. На этой неделе вам может потребоваться больше времени для саморефлексии и внутреннего обновления. Уделите внимание своим внутренним потребностям. Поддерживайте баланс между работой и личной жизнью в этот период. Общение с близкими людьми будет особенно ценным на этой неделе.



ЛЕВ. У Львов на этой неделе возможны некоторые трудности и препятствия. Важно оставаться сосредоточенным и уравновешенным, поскольку окружающая энергия может вызвать проблемы. В личной жизни возможны напряжения и разногласия с близкими; открытое и честное общение поможет избежать недопонимания и найти компромиссы.




ДЕВА. На этой неделе вы почувствуете прилив энергии и оптимизма. Это отличное время для новых начинаний и выхода из зоны комфорта. В карьере вас ждет высокая мотивация и стремление к достижению целей. Используйте этот период для того, чтобы воспользоваться возникающими возможностями.



ВЕСЫ, ваше финансовое положение требует особого внимания. Из-за текущих обязательств вам нужно искать новые источники дохода. В работе наступает период, когда события помогут прояснить ситуацию и устранить сомнения, позволяя вам развивать свои проекты и идеи. В личной жизни изменений не ожидается.



СКОРПИОНЫ. У Скорпионов энергия и настроение находятся на высоком уровне, что способствует переменам и новым начинаниям. Вам необходимо разрешить нерешенные вопросы и закрыть старые главы. Будьте осторожны в работе, особенно в общении и в выборе того, кому доверять, так как ваша открытость может создать риски.



СТРЕЛЕЦ. На этой неделе вас ждут новые возможности в финансах и бизнесе, которые особенно важны для вас. Вы поставили высокие ожидания на работе, что требует усердия и самоотдачи. Будьте осторожны: возможны предательства, поэтому доверяйте своей интуиции и действуйте осторожно.



КОЗЕРОГИ, ваша неделя обещает быть активной и насыщенной. Новые интересы и профессиональные задачи повышают ваш уровень адреналина. Вам нужно быть на высоте, чтобы эффективно справиться с рабочими обязанностями. В вашу жизнь придут люди, способные помочь в достижении целей.



ВОДОЛЕЙ. На этой неделе у вас возникнет идея к улучшению и изменениям в жизни, а многочисленные возможности помогут вам постепенно достигать желаемых результатов. Научитесь быть терпеливым и справляться со стрессом. Если вы одиноки, возможно, вы встретите интересного человека в дружелюбной обстановке.



РЫБЫ Эта неделя и следующий период будут активными и требовательными. Вы расширите свой кругозор, заведете новые знакомства и найдете единомышленников, с которыми можно поделиться переживаниями и успокоиться. На работе грядут трудности, но все решится в вашу пользу.

СКАНВОРД

Такси для компании		18		Расширение в виде воронки		13		20																																							
4		Город конференции 1943 г.		Спортсменка с бicepsами		Произведение юного художника		Муж известной лодоедки	3																																						
25		«Отдача» на выборах				«Бартерная игла																																									
		30		Боевые искусства Китая					22																																						
17	Выжимка из научной работы	Тонкая мечта каждой женщины	Шляпный зверь					Глаз-перевёртыш	Допинг-борюкрата																																						
	19		23	Знахарь, лечащий лошадей				26	10																																						
	Аборигенка Кабула	КЛЮЧЕВАЯ ФРАЗА							«Сердце Индонезии»	Азиатский тарантас																																					
		<table border="1" style="margin: auto;"> <tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td colspan="2">4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td></tr> <tr><td>9</td><td>10</td><td>11</td><td>12</td><td>13</td><td>14</td><td>15</td><td colspan="2"></td></tr> <tr><td>16</td><td>17</td><td>18</td><td>19</td><td>20</td><td>21</td><td>22</td><td>23</td><td>24</td></tr> <tr><td>25</td><td>26</td><td>27</td><td>28</td><td>29</td><td>30</td><td>31</td><td colspan="2"></td></tr> </table>								1	2	3	4		5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15			16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31				
1	2	3	4		5	6	7	8																																							
9	10	11	12	13	14	15																																									
16	17	18	19	20	21	22	23	24																																							
25	26	27	28	29	30	31																																									
	31	Бык, стигнувший из-за человека	1						15	Форма кристалла соли																																					
		Шарф «из змеи»	Овощ из ноты и шага							На нём видны годичная кольца																																					
										Из 220 В делает 12 В																																					
		Овощная база под землей	Божья посланье	«Луговой откорм»			6	Курорт, рифмующийся с папой																																							
				9	Богатырь Добрыня	«Сенсор» на голове	Биологический идол	Техническое устройство	Картина, открывающаяся из окна	12																																					
24	Носила разноцветные чулки	«Крыша» для мотора						Женщина перед Весаами																																							
		Певица-перевовица						Лесть, положенная на стихи		2																																					
					16				14																																						
5				Игра на цветных кругах				Испортила райскую жизнь																																							
					11			Дерётся со сородичем		29																																					

Анекдоты, анекдоты...



- Садится девушка в беспилотное такси и говорит:
— Ой, так непривычно, автомобиль без водителя.
А машина ей в ответ:
— Знаете, вообще-то я искусственный интеллект для бизнеса, а такси — это так, подработка.
* * *
- Нил Армстронг возвращается в родной городок и идет в любимый ларек за пивом. Приходит — нет ларька. Спрашивает у прохожего:
— Простите, а где ларек?
— Месяц уже как его закрыли. Ты что, с Луны свалился?
* * *
- Две планеты беседуют:
- Как дела?
- Норм, а у тебя?
- Хреново!
- А что такое?
- Да зуд какой-то, атмосфера вся в дыму, леса облезли, пустыни чешутся...
- Это, похоже, у тебя люди завелись. Та в ужасе:
- Люди?? КАК ЛЮДИ???? Да откуда?
Другая, успокаивает:
- Да не парься ты так, просто прими пару средних метеоритов!
* * *
- Дмитрий Олегович, у американцев ещё один марсход успешно приземлился.
- Это ещё нужно проверить.
- Он уже первые снимки оттуда передал.
- Их тоже нужно проверить.
- Может, лучше проверить эффективность расходования средств на освоение космоса?
- А вот тут следует верить.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ 753

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды.
Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.